

1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны және 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1453 Қаулысы.

Ескерту. Тақырыбына және кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.28 N 743 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен ратификацияланған 1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияның 5-бабын және Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңымен ратификацияланған 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияның (бұдан әрі - Конвенциялар) 5-бабының 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Конвенциялардың ережелерін орындауға уәкілетті орталық және өзге де мемлекеттік органдардың мынадай тізбесі белгіленсін:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі – жылжымайтын мүлікке құқықтарды, заңды тұлғаларды тіркеу, сондай-ақ әділет, азаматтық хал актілерін тіркеу органдарынан және нотариустардан шығатын өзге де ресми құжаттар бойынша;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі – прокурор мен тергеу судьясының (сотының) санкциясын талап етпейтін қылмыстық істер және жедел-ізвестіру іс-шаралары бойынша процестік іс-қимылдарды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша, миграциялық және ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылатын басқа да мәселелер бойынша;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінен шығатын архивтік анықтамалар мен архивтік құжаттардың көшірмелері бойынша, сондай-ақ прокурор мен тергеу судьясының (сотының) санкциясын талап етпейтін қылмыстық істер және жедел-ізвестіру іс-шаралары бойынша процестік іс-қимылдарды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі – азаматтар мен халықтың денсаулығын сақтау саласындағы құжаттар бойынша;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі – өздеріне қатысты дәрменсіздігі туралы банкроттық рәсімі қозғалған заңды тұлғалардың берешегін төлеуге байланысты

мемлекеттік органдардың сұрау салулары мен азаматтардың өтінішхаттары бойынша, жеке және заңды тұлғалардың резиденттігін растайтын құжаттар немесе осы құжаттардың нотариат куәландырған көшірмесі бойынша, сондай-ақ оның құзыретіне жататын құжаттар бойынша;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтерінен шығатын архивтік анықтамалар мен архивтік құжаттардың көшірмелері бойынша;

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (келісу бойынша) – прокурор мен тергеу судьясының (сотының) санкциясын талап ететін қылмыстық істер және жедел-ізвестіру іс-шаралары бойынша процестік іс-қимылдарды жүзеге асыруға байланысты мәселелер, қылмыстық істер жөніндегі үкімдерді (шешімдерді) тану және орындау туралы қолдаухаттар, сондай-ақ прокуратура органдарының құзыретіне жатқызылатын құжаттар бойынша;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісу бойынша) – ұлттық қауіпсіздік органдарының құзыретіне жатқызылатын құжаттар бойынша, сондай-ақ прокурор мен тергеу судьясының (сотының) санкциясын талап етпейтін қылмыстық істер және жедел-ізвестіру іс-шаралары бойынша процестік іс-қимылдарды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша;

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) (келісу бойынша) – прокурор мен тергеу судьясының (сотының) санкциясын талап етпейтін қылмыстық істер және жедел-ізвестіру іс-шаралары бойынша процестік іс-қимылдарды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша, сондай-ақ өзінің құзыретіне жатқызылатын құжаттар бойынша;

Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі (келісу бойынша) – Қазақстан Республикасы соттарының, шетел мемлекеттері соттарының тапсырмалары, азаматтық және отбасылық істер бойынша соттардың шешімдерін тану және орындау туралы қолдаухаттар бойынша;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі (келісу бойынша) – өзінің құзыретіне қатысты құжаттар бойынша, сондай-ақ прокурор мен тергеу судьясының (сотының) санкциясын талап етпейтін қылмыстық істер және жедел-ізвестіру іс-шаралары бойынша процестік іс-қимылдарды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі – еңбек өтілі туралы құжаттар, сондай-ақ өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша әлеуметтік-құқықтық сипаттағы өзге де құжаттар бойынша;

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі – мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру мен

балалардың құқықтарын қорғау салаларында, сондай-ақ өзінің құзыретіне кіретін өзге де құжаттар бойынша;

Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі (келісу бойынша) – прокурордың және тергеу судьясының (сотының) санкциясын талап етпейтін қылмыстық істер және жедел-ізвестіру іс-шаралары бойынша процестік іс-қимылдарды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша, сондай-ақ оның құзыретіне жататын құжаттар бойынша;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі – прокурордың, тергеу судьясының (сотының) санкциясын талап етпейтін қылмыстық істер бойынша процестік іс-қимылдарды жүзеге асыруға байланысты мәселелер және өзінің құзыретіне кіретін басқа да мәселелер бойынша;

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі – ғылым, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру салаларындағы құжаттар, сондай-ақ өзінің құзыретіне кіретін өзге де құжаттар бойынша.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.28 N 743, 2010.09.30 № 1009; 02.04.2014 N 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2014.12.10 № 1295 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2019 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.12.2019 № 925; 14.12.2021 № 886; 13.05.2024 № 371 қаулыларымен.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар Конвенцияның ережелерін орындауға уәкілетті, өзінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер мен аумақтық органдардың тізбелерін белгілесін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.05.2024 № 371 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетіне Конвенциялардың ережелерін орындауға уәкілетті орталық және аумақтық мемлекеттік органдардың тізбелері туралы хабарласын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

міндетін атқарушы